

**Астана қаласы әкімдігінің «Райымбек батыр атындағы № 50
«Қазғарыш» мектеп-лицейі»
Қамқоршылық кеңесінің мүшелерімен өткізілген жиналысының
хаттамасы**

№2

Өткізілген күні: 17.01.2023 ж Сағ:19:00

Күн тәртібінде:

1. Оқу-тәрбие жұмысының 1-ші жартыжылдық бойынша есебі
2. Жартыжылдықтағы қаражат есебі және 2023 жылға арналған қаражат жоспары туралы. Мектеп директоры Ж.Жумабекова
3. Оқушылардың тамақтануының ұйымдастыруылуы. Әлеуметтік педагог А.Азимбаева
4. Қамқоршылық кеңесі жұмысының есебі

Күн тәртібіндегі **бірінші мәселе** - Оқу-тәрбие жұмысының жарты жылдық есебін мектеп директоры берді. Мектеп миссиясы мен пайымы, алға қойған міндеттерімен таныстыра отырып, мектептің жетістіктеріне тоқталды. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері тек ата-аналар ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік қызметкерлер мен қоғамдық ұйымдардың мүшелері екенін әрбір келелі мәселелер бойынша мектеп үнемі қамқоршылық кеңеспен келісе жұмыс жүргізіп отыратынын айтып өтті.

Екінші мәселе – 2022-2023 оқу жылының жартыжылдықтағы бюджет есебі және 2023 жылға арналған бюджет жоспары ата-аналарға түсіндірілді.

2022 жылы мектепке мемлекет қаражатынан барлығы 905 858 000 тг бөлінді. Негізгі қажетті сатып алуға 19 700 000 теңге бөлініп, оған: арнайы физика кабинеті, арнайы химия кабинеті, шаңсорғыш, электр үтігі, көгалшапқыш, түрлі-түсті принтер, ақ-қара принтер алынды.

Үшінші мәселе - оқушылардың тамақтануының ұйымдастыруылуын мектептің әлеуметтік педагогы Азимбаева Айдана Байзаққызы айтып өтті. Астана қаласы Білім басқармасының 16.08.2022 жылғы № 740 бұйрығы негізінде 1-4 сынып оқушылары 100 %, яғни 777 оқушы тегін ыстық тамақпен және 5 – 11 сыныптар арасындағы 52 оқушы ыстық тамақпен, жетім 2 оқушы ыстық тамақпен қамтылған. Барлығы тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың саны– 831 оқушы. Ақылы тамақтанатын оқушылардың саны – 1050 оқушы.

Төртінші мәселе – жалпы оқу қорының қаржылық есебі. «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға

құқығы бар отбасылардан, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасыларынан шыққан, шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 22.02.2012 жылғы №255 (25.01.2008ж №64) қаулысы негізінде бапрлығы – 1 037 800тг бөлінді, оның ішінде жетім және аз қамтылған отбасынан шыққан 169 оқушыға 6 760 000 теңгеге ақшалай материалдық көмек көрсетілді.

2022 жылдың 1 қаңтар – 31 желтоқсан аралығында жергілікті бюджеттен бөлінген қаражат мөлшері 1-4 сыныптар үшін – 48 125 000 теңге, жетім және аз қамтылған оқушыларға 3 156 000 теңге құрайды.

Бесінші мәселе - Қамқоршылық кеңесі жұмысының есебін қамқоршылар кеңесінің төрайымы Шаңбаева Бақыт Хасенқызы берді.


Шаңбаева Бақыт Хасенқызы: «Елімізде оның ішінде білім саласында болып жатқан оң өзгерістерге белсенді қарап, өз ұл-қыздарымыз оқитын білім ордасына қол ұшын беру, ұстаздарға қолдау көрсету – ата-аналық парызымыз», - деді.

Елорда мектептерінің арасында шоктығы биік білім ұясы «Қазғарыштың» абыройын арттыруға үлес қосуға барша ата-ананы шақырды.

Шешім:

1. Оқу тәрбие жұмысын дұрыс ұйымдастыру мақсатында Қамқоршылық кеңесінің жұмысын жалғастыру;
2. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері төмендегі тізімде қалдырылсын:

Хатшы



А. Бекболат